

Құтты болсын әз-Наурыз!

АТЫРАУ

Облыстық қоғамдық-саяси газет

// №20 (20 625) 18 НАУРЫЗ, 2022 ЖЫЛ, ЖҰМА //

www.atr.kz [f](#) Атырау газеті atyrau_gazeti@mail.ru

ТҮЙІНСӨЗ

Журналистер өз еліне және азаматтарына шынайы жана-шыр болуға тиіс. Бұқаралық ақпарат құралдары бекерден бекер «төртінші билік» атанба-са керек. Сол себепті сіздер жұрттың санасы мен сезіміне ықпал ету мәселесіне мұқият қарағандарыңыз жөн. Мен мұны журналистер қауымына арнайы айтып отырмын.



Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауынан

// Ел және Президент



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ»



ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ПАРЛАМЕНТ ПАЛАТАЛАРЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫНДА ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ» АТТЫ ЖОЛДАУЫН ЖАСАДЫ.

ПАРЛАМЕНТТЕ ӨТКЕН ІС-ШАРА БАРЛЫҚ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТЕЛЕАРНАЛАРДАН ТІКелей ЭФИРДЕ КӨРСЕТІЛДІ. ПРЕЗИДЕНТТІҢ БҰЛ ЖОЛДАУЫНДА ЖУЫҚ АРАДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАТЫН САЯСИ РЕФОРМАЛАРДЫҢ ЖАҢА БАҒДАРЛАМАСЫ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒЫТТА АТҚАРЫЛАТЫН ІС-ШАРАЛАР КЕҢІНЕН АЙТЫЛДЫ.

САЯСИ РЕФОРМАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ АЯСЫНДА ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ПРЕЗИДЕНТТІҢ ӨКІЛЕТІГІН ҚАЙТА ҚАРАУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕКЕНІНЕ ТОҚТАЛДЫ. БҰЛ РЕТТЕ СУПЕРПРЕЗИДЕНТТІК ЖҮЙЕДЕН МЫҚТЫ ПАРЛАМЕНТІ БАР ПРЕЗИДЕНТТІК РЕСПУБЛИКАҒА КӨШҮ МӘСЕЛЕСІНЕ НАЗАР АУДАРДЫ.

САЯСИ РЕФОРМАЛАРДА БИЛІКТІҢ ЗАҢ ШЫҒАРУШЫ САЛАСЫНА ДА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕ ҚАМТЫЛАДЫ. СЕНАТТЫ ЖАСАҚТАУ ТӘРТІБІ МЕН ОНЫҢ БІРҚАТАР ҚЫЗМЕТІ ҚАЙТА ҚАРАЛАДЫ. САЯСИ РЕФОРМАЛАР БАҒДАРЛАМАСЫНДА САЙЛАУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ,

САЙЛАУ ҮДЕРІСІН ЖАҢҒЫРТУ, ПАРТИЯ ЖҮЙЕСІН ДАМУ МҮМКІНДІКТЕРІН КЕҢЕЙТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАСТЫРЫЛҒАН. МӘЖІЛІСТІҢ ДЕПУТАТТЫҚ КОРПУСЫ АРАЛАС НЕГІЗДЕ ҚҰРЫЛАДЫ.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ИНСТИТУТТАРЫН КҮШЕЙТУГЕ, БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУҒА ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ РОЛІН НЫҒАЙТУҒА БАСА МӨН БЕРДІ.

Президенттің халыққа арнаған Жолдауының толық мәтінін газеттің 7-10 беттерінен оқи аласыздар



Коллаж: Ж. Жағал, Л. Мухометов

Құрметті облыс тұрғындары!

Баршаңызды ұлтымыз айрықша ұлықтайтын Ұлыстың ұлы күні — Наурыз мейрамымен құттықтаймын!

Көпшіліктің көңіліне жылу сыйлаған көктемнің лебідей Көрісу дәстүрінің Ұлық мерекесіне ұласуының өзіндік ерекше мәні бар.

Тәуелсіздік жылдары төл руханиятымыздың дамуы мен кемелденуіне айрықша көңіл бөлініп, ұлттық қазынамыз, тарихи құндылықтарымыз бен халқымыздың салт-дәстүрі кеңінен дәріптеліп келеді. Ұлттық сананың жаңғырып, болмысының түлеуінде Наурыз мерекесі маңызды құбылыстың бірі болды.

Адамзат тарихындағы көне мерекелердің бірі - адамдарды ұлт пен дінге, діл мен тілге бөлмей, қайырымдылық, ізгілік және мейірім сынды ізгі қасиеттерге біріктіреді. Осыдан бозар, аталған құндылықтарды қанына сіңірген қазақ ұлты үшін бұл мереке «әз-Наурыз» деп ерекше әспеттеледі. Бірлік пен бейбітшілікті, ынтымақ пен келісімді ту еткен еліміз үшін жалпыхалықтық ұлы мейрамаға айналады.

Бабаларымыз Ұлыстың ұлы күнінде бір-біріне деген өкпе-ренішін ұмытып, кешірімге келіп, татуласқан. Ақжарқын көңілмен жүздесіп, дастарқан басында ақжарма тілектерін айтқан. Қыстан қымтырылып шыққан әлсіздердің шаруасына көмектесіп, бұлақ көзін тазалап, тал егіп, игілікті істер істеген.

Бүгінде осы тамаша дәстүр жаңаша жалғасын табуда. Быыл өңір халқының игілігіне арналған ауқымды жобалар, көптеген іс-шаралар жоспарланып, жүзеге асырылуда. Атырау

қаласының, аудан орталықтарының және ауылдық елді мекендердің инфрақұрылымын жетілдіру мен абаттандыру жұмыстары, сондай-ақ әлеуметтік осал топтарға қолдау көрсету жұмыстары жалғасады. Парасаты биік, көзі ашық азаматтар – белсенді жерлестеріміз де өңірдің гүлденуіне атсалысып, игі істерге үлестерін қосуда.

Қадірменді жерлестер! Күн мен түн теңесіп, қыстың қаһары қайтып, байтақ дала ару көктемнің арнайы шуағымен нұрланатын Наурыз – жыл басы, жақсылықтың бастауы. Қайта түлеген табиғатпен қатар адамның да санасы жаңғырар кез.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен елді соны кезеңге шығарып, Жаңа Қазақстан құру жолындағы істеріміз баянды болғай!

Ұлыстың ұлы мейрамы халқымызды береке мен бірлік, ырыс пен ынтымақ, өрлеу, өркендеу жолына бастағай. Төрткүл дүние теңесіп тұрған шақта еліміз бейбіт өмір сүріп, айналамыз аман болғай. Құт-береке арқауы – әз-Наурыз әр шаңыраққа молшылық сыйласын!

Ақ мол болсын, ұлыс оң болсын, азайын!

Махамбет ДОСМҰХАМБЕТОВ,
Атырау облысының әкімі



Құрметті Атырау облысының тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

ТШО-ның көпұлтты ұжымы бұл мерекені жаңа жыл нышаны, жаңа жеңістер мен жетістіктер бастауы ретінде ерекше құрметтейді. Бұл – ұлы мақсатқа жету жолындағы халықтың ой-санасы мен рухын біріктіретін мереке. ТШО ұжымы да COVID-19-ға қарсы күресте бірігіп, өзінің біртұтастығын көрсете білді. Компания коронавирусқа қарсы күреске, медициналық құрал-жабдықтарды сатып алуға және Атырау облысының тұрғындарын қолдауға 18 миллион АҚШ долларынан астам қаржы бөлді.

Сонымен қатар, ТШО «Ігілік» ерікті әлеуметтік инфрақұрылым бағдарламасы арқылы өңірдің дамуына қолдау көрсетуді жалғастыруда, оның аясында 2021 жылы Құлсары қаласында 200 төсек-орындық аурухана, Ракуша

және Водников шағын аудандарындағы 280 орындық екі балабақша, сондай-ақ Құлсары қаласындағы 580 орындық мектеп құрылысының жұмыстары аяқталды. Біз, оған қоса, ерікті әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы аясында түрлі жобаларды қолдаймыз. 2022 жылы 14 жоба жүзеге асырылуда, оның ішінде ерекше балаларға арналған инпотерация сабақтары, мүмкіндігі шектеулі жандарға қолдау көрсету, үш тілді электронды Брайль қарпімен өздігінен оқу құралын шығару және т.б. бар.

Алдағы уақытта барлық мерекелерді бетпердесіз және шектеусіз бірге, әсіресе, Қазақстанның батыс өңіріне тән «Көрісу» мерекесін төс қағыстырып, тойлаймыз деген үміттеміз. Аспанымыз ашық болсын! Отбасыларыңызға бақыт пен береке тілейміз. Денсаулықтарыңыз мықты, дастархандарыңыз мол болсын!

Жаңа жылдарыңызбен! Наурыз құтты болсын!



Кевин Лайон,
«Теңізшевройл»
ЖШС
Бас директоры



Айбек Қрамбаев,
«Теңізшевройл»
ЖШС
Бас директорының
орынбасары